# Мәңгілік елдің тұғыры - тәуелсіздік

Тәуелсіздік дегеніміз - әр елдің бостандығы, ешкімге бағынышты емес азат мемлекеттер немесе қалалар. Адамдар тәуелсіз болу үшін барлық іске барады. Себебі, біреуге құл секілді бағынып, оның қағидаларымен өмір сүру ешкімге ұнамайды. Міне, осындай жағдай 1986 жылы Қазақстанда да орын алған болатын. Бірақ Қазақстанның болашағы туралы жазбас бұрын, ең алдымен оның өткеніне шолу жасап, еске түсірген дұрыс деп ойлаймын. Сонда Қазақстан өз тәуелсіздігіне, қазіргі жағдайына қалай қол жеткізді?

Біріншіден, барлық оқиға 1986 жылы Желтоқсан айынан басталады. Кеңес үкіметі Дінмұхамед Қонаевты орнынан алып тастап, билік басына Колбинді әкеледі. Осылайша Ресей тып-тыныш жатқан халықтың ашуын тудырады. Әбден езгі көріп, шаршаған халық „Қазақты қазақ қана басқарсын“ деген ұранмен бір ақ күнде көтеріліске шығып кетеді. Бұл көтеріліске жас, кәрі демей бүкіл адамдар қатысады. Ішінде тіпті кәмелетке толмаған қыздарымыз бен ер жігіттеріміз де болған. Мысалы, Ләззат Асанова, Қайрат Рысқұлбеков және тағы басқалары. Осындай азапты, қиын, халыққа ауыр тиген көтерілістен кейін Қазақстан 1991 жылы ақыры өз тәуелсіздігіне қол жеткізеді. Осы тұста мынадай сұрақ пайда болады. Қазақстан тәуелсіздігінен кейін 30 жылдың ішінде қандай жетістіктерге жетті?

Екіншіден, 1991 жылдан бері Қазақстан өте көп жетістіктерге қол жеткізді. Солардың бірнешеуі: ұлттық валютаны енгізді; тарихты зерттеп (қазақтың тарихын) қайтадан жаза бастады; көптеген биік-биік, әсем ғимараттарды салды; халық саны өсті; басқа елде жүрген қандас бауырларымызды елге қайтарылды. Ал енді менің ойымша осы 30 жыл ішінде ең үлкен қол жеткізген жетістігіміз ол Экспо-2017 көрмесі деп ойлаймын. Бұл жоба үшін әлемнің түкпір-түкпірінен, жан-жақтан адамдар ағылып келді және бұл соған тұрарлық көрме болды деп ойлаймын. Мысалы, мен өз елімнің патриоты ретінде Қазақстанға кірдім. Маған іші өте қатты ұнады. Безендірілуі, заттардың орналасуы, техникалары және тағы басқалар. Енді бір ұнаған жері Ол жер Энергиясы туралы; күн, жалпы біздің планетамыз үшін жасалған бейнебаянды көріп қатты таңғалдым (презентация). Міне осылайша Экспо-2017 маған керемет әсерлер қалдырды. Егер экспо-2017 осындай жоғары деңгейде өтсе, болашақта тағы қандай таңғаларлық дүниелер шығарамыз? Жалпы басқа да керемет істерді жасауға мүмкіндіктеріміз бар ма?

Үшіншіден, болашақта Қазақстан экономикасы дамыған, үздік елдердің қатарында болады. Тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың „Біз 2050 жылы дамыған 50 елдің қатарында боламыз“ деген пікірімен толықтай келісемін. Мен бұған сенемін және осы идеяны жүзеге асыру үшін қолымнан (қолымнан) келгенін жасаймын. Мүмкіндік біз үшін, дамушы ел үшін әрқашан да болады. Тек оны көре білу және дұрыс пайдалана білу қажет деп ойлаймын.

Қорытындылай келе, тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанның



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

жеткен жетістіктері өте көп. Мен кейбіреуін жоғарыда еске түсіріп өттім. Бірақ тәуелсіздікке қалай жеткенімізді ұмытпауымыз керек. Ата-бабамыз осы бір бостандық үшін, болашақ ұрпақ үшін қасық қаны тамғанша күресті. Енді осы азаттықты пайдалану тек біздің қолымызда.

Сайып келгенде тәуелсіздік - бұл мәңгілік елдің тұғыры.

2-тапсырма.

з.е к т — ет к — ет к — ет — з.е о.с — з.е к т — ет к — з.е — ет к — ет б.с

достарыңа, көрейін, сақтайын, шаршадым, ағасының, жапырақтарына, іліккен, атының, сұрамаған, шыңкілдеуге.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ